

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ КІТАПХАНАНЫҢ КОНФЕРЕНЦ-ЗАЛДАРЫН БРОНДАУ БОЙЫНША НҮСҚАУ ЛЫҚ

Әл-Фараби атындағы кітапхана конференциялар мен түрлі шаралар өткізу үшін сыйымдылығы 50, 80, 350 орындық конференц-залдарын жалға ұсынады. Барлық залдар онлайн-трансляция семинар, тренинг, т.б. мақсаттарда қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған (теледидар, мультимедиалық жүйе, BOSCH аппаратурасы: күшейткішті микрофон, камера, крамер-сплитер, т.б.).

Конференц-залдардың жанында қонақтарды қарсы алуға, тіркеуге ыңғайлы кең фойе бар, бұл жерде таңғы және түстен кейінгі кофе-брейктер өткізуге болады.

Жалға берілетін бөлмелер жайлы толық ақпаратты төмендегі сілтеме бойынша ала аласыздар: <https://elibrary.kaznu.kz/ru/node/category/halls-gallery>

Залдардың бос орны (ваканттылығы) жайлы ақпаратты кітапхана сайтынан <https://elibrary.kaznu.kz/ru/bronirovanie-zalov> менюі арқылы табасыздар.

Төртінші қабатта шаралар өткізу үшін залдарды (401, 408, 409, 410, 416) Университеттің академиялық мәселелері жөніндегі проректорының атына өтінім беру арқылы, ал үшінші қабаттағы залдарды (303, 304, 307, 308) кітапхана директорының атына өтінім беру арқылы брондай аласыздар

Университет қызметкерлері өтінімді оқу орнының Salem-office ішкі құжатайналым жүйесі арқылы рәсімдей алады (<https://odo.kaznu.kz/>).

Жалға беруші мен клиент арасындағы келісім университеттің Экономика және қаржы департаменті, Заң және құжатпен қамтамасыз ету департаменті арқылы (Жалға беру келісімінің үлгісі қосымша ұсынылған) жасалады. Жалға беру туралы келісім өтетін іс-шарадан 3 апта бұрын рәсімделуі тиіс.

Өтінім беру мен іс-шаралар кітапхананың жұмыс күндерінің уақытына (9:00-ден 18:00-ге дейін) сәйкес келуі керек. Демалыс күндері өтетін шаралар келісімді жасау барысында талқыланады.

Толық ақпарат алу үшін біздің корпоративті электронды поштамызға хабарласыңыздар: library@kaznu.edu.kz.

Біз сіздерге шағын мәжілістер мен ауқымды конференцияларды жоғары деңгейде өткізуге атсалысамыз!

- 3-қабаттың мәжіліс-залдары: [303 \(фото\)](#), [307 \(фото\)](#), [308 \(фото\)](#), үлкен экрандармен және мінбермен жабдықталған
- 4-қабаттың мәжіліс-залдары: [409 \(фото\)](#) Zoom трансляция, екі тарапты LED дисплейлер, [408 \(фото\)](#), [416 \(фото\)](#).
- Қосымша залдар: Меморандумға қол қою үшін, қонақтарды қабылдауға арналған [401 \(фото\)](#), демалыс бөлмесі, кофе-брейкке арналған [410 \(фото\)](#) немесе [холл \(фото\)](#).